

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын  
өткізу туралы хабарлама**

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш, 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8<sup>ші</sup> қабат, өз акционерлеріне Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының (бұдан әрі – Заң) 35-бабы 1-тармағына, 37-бабының 3-тармағы 3) тармақшасына және 41-бабына сәйкес, Биржаның Директорлар кеңесінің бастамасымен шақырылатын (2024 жылдың 17 маусымы №18 отырыс хаттамасы), Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – жиналыс) өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2024 жылдың 19 шілдеде сағат 10.00-де** (Астана қаласының уақытымен) Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат мекенжайы бойынша өтеді .

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2024 жылдың 19 шілдеде сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қаласының уақытымен), жиналыс өтетін мекенжайда жүргізіледі.

Кворум жиналмаған жағдайда Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2024 жылдың 22 шілдеде сағат 10.00-де (Астана қаласының уақытымен) жоғарыда аталған мекенжай бойынша өткізіледі. Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2024 жылдың 22 шілдеде сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін (Астана қаласының уақытымен) жалпы жиналыс өтетін мекенжайда жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2024 жылдың 18 маусымда сағат 00.00 (Астана қаласының уақытымен) жағдай бойынша қалыптастырылады .

**Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы  
жиналысының күн тәртібі**

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғам акцияларының оларды сатып алу кезіндегі құнын анықтау әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы.

Заңның 43-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі тарапынан толықтырылуы мүмкін.

Заңның 44-бабының 4-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Биржа Басқармасының орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Биржаның корпоративтік интернет-ресурсында <https://kase.kz/kz/vosa-2024/> сілтемесі бойынша, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болады.

Биржа акционері тарапынан сұратылған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар оған сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығыстарын Биржа көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты қосымша ақпаратпен мына телефон арқылы танысуға болады: 8 (727) 237 53 43.

Осы арқылы Биржа акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің келесі тәртібімен танысуды ұсынамыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы қажет. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ету немесе оның мүдделерін білдіру құқығын растайтын құжатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлауды өткізеді, ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды.

Заңның 50 – бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс беру жағдайларын қоспағанда, "бір акция – бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Қатысушылардың жинаста сөз сөйлеуі акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

Заңның 52-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде жасалады және оған қол қойылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Заңның 35-37, 39-45, 47-48, 50-52-баптарына және Биржаның жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2015 жылғы 15 мамырдағы № 26 хаттама) Жарғысының 15-бабына сәйкес өткізіледі.

Биржа акционерлерін Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.